



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2024 жылы Ұлттық Банктің басқаруындағы Ұлттық қордың инвестициялық кірісі
4,6 млрд долларды құрады

Астана қ.

2025 жыл, 23 шілде

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі [Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің](#) және [Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің](#) ресми интернет-ресурстарында **2024 жылға арналған Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану туралы есеп** жарияланғанын хабарлайды.

Құжат қордың аудиттелген есебі негізінде дайындалды және Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 11 шілдедегі №943 Жарлығымен бекітілді.

Есеп деректері бойынша, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұлттық қордағы активтердің көлемі шамамен **66,2 млрд АҚШ долларын** құрады.

Анықтама: валюталық портфель 58,8 млрд АҚШ доллары, теңгедегі активтер – баламасы 7,4 млрд АҚШ доллары.

ҰҚ валюталық портфелінің **инвестициялық кірісі** бір жылда **7,59%-ды** немесе **4,6 млрд АҚШ долларын** құрады. Соңғы жылдары кірістіліктің өсуіне ҚР Ұлттық Банкінің активтерді консервативті бөлуден неғұрлым теңгерімді бөлуге көшу нәтижесінде жоғары кірісті қаржы құралдарының үлесін 20%-дан 40%-ға дейін ұлғайтуы есебінен қол жеткізілді. Сондай-ақ 2023 жылы Ұлттық қордың құрамында баламалы құралдар портфелі қалыптастырылды. Жаңа құрылымға көшу инвестициялаудың тиімділігін және қордың сыртқы нарық тербелістеріне төзімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Инвестициялық табыстың портфельдер бойынша бөлінісі:

Портфель	Инвестициялық кіріс, млрд \$	Табыстылық, %	Жинақ портфеліндегі үлес
Жинақ портфелі	4,21	8,1%	100%
- дамыған елдердің облигациялары	-0,23	-1,6%	29%
- дамушы елдердің облигациялары	0,38	3,5%	20%
- корпоративтік облигациялар	0,13	2,6%	10%
- акциялар	3,14	18,5%	33%
- алтын	0,70	26,6%	5%
- баламалы құралдар	0,09	5,7%	3%
Тұрақтандыру портфелі	0,36	5,3%	-

Қордың валюталық активтері көлемінің жалпы динамикасына 2024 жылы **6,3 трлн теңге** мөлшерінде қаражат алу операциялары әсер еткенін атап өту маңызды. Осылайша, есепті кезеңде республикалық бюджетке тікелей трансферттер **5,6 трлн теңгеге** жетті. Қазақстандық эмитенттердің қаржы құралдарын сатып алуға тағы **705 млрд теңге** бөлінді: «Қазатомөнеркәсіп» АҚ акцияларын сатып алуға 467 млрд теңге, ұлттық

инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мақсатында Самұрық-Қазына облигациялары 238 млрд теңге көлемінде сатып алынды.

Бұл ретте мұнай секторынан қорға түсетін түсімдер 2024 жылы **3,8 трлн теңгені** құрады.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында 2024 жылғы қаңтарда бағдарламаның барлық қатысушыларына жалпы есептеулер **696 млн АҚШ долларын** құрады. Әр балаға 2024 жылғы қаңтарда **100 АҚШ доллары мен 52 цент** үлестірілді (*2024 жылдың қорытындысы бойынша есептеулер 2025 жылғы қаңтарда жүргізілді және әр балаға 129 АҚШ доллары мен 38 центті құрады*). Жыл сайынғы есептеу сомасы Ұлттық қордағы валюталық активтердің көлеміне және оның ұзақмерзімді инвестициялық кірісіне тікелей байланысты екенін ескеру маңызды. Олар **жыл сайын Ұлттық қордың ұзақмерзімді инвестициялық кірісінің жартысы есебінен** қалыптасады. Бұл ретте балалардың шоттарына есептелген қаражат бала 18 жасқа толғанға дейін Ұлттық қордың портфеліне инвестициялануын жалғастырады және қосымша табыс әкеледі.

Анықтама:

Ұлттық қордың инвестициялық портфелі активтердің кең ауқымын қамтиды. Оған мемлекеттік облигациялар, акциялар, алтын және баламалы инвестициялар кіреді. Ұлттық қор қаражаты есебінен елдің ұзақмерзімді экономикалық дамуы үшін стратегиялық мәні бар маңызды инфрақұрылымдық жобалар қаржыландырылады.

ҚР Ұлттық Банкі жетекші халықаралық тәжірибеге сәйкес қор активтерін басқарудың тиімділігі мен ашықтығын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон бойынша алуға болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz